

21 қаңтар 2026 жыл

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: «ҚҰРЫЛТАЙ АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ»

деу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді. Музей ісін дамыту – маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады. Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі.

Қазіргі таңда жастар арасында Қазақстан өрлеу кезеңіне қадам басты деген пікір бар. Жас буын өкілдері жаңа қоғамдық этиканы, креативті индустрияны дамытуға зор үлес қосады. Әлем елдері қазіргі қазақ өнерін ерекше құбылыс деп бағалайтын болды. Кино саласы да дамып жатыр. Жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігімізді өнерімен айшықтап, ұлтымызды жаһан жұртына танытуы – зор мақтаншы. Жастардың күш-қуаты мен ынта-жігері, жаңашылдық мен жасампаздығы кез-келген салаға зор серпін береді. Сондықтан біз ескелен ұрпаққа әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз. Олардың ұлттық құндылықтармен қатар жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша жағдай жасаймыз.

Бұған дейін Ұлттық құрылтайда еліміздің рухани-мәдени мұрасын өлемеге таныту туралы бастамалар көтерілді. Соған сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасын ЮНЕСКО-ның «Өлем жазды» деректі мұралар тізіміне енгізді. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маңғыстаудың жерасты мешіттерін» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз мен мәдениетімізді өркендету үшін әлі көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді. Елімізде танымдық әрі тағылымдық мәні зор тарихи орындар мен құнды жәдігерлер аз емес. Мысалы таза ағаштан салынған Жаркент мешіті – қытай сәулетшілері мен ұйғыр шеберлерінің қолынан шыққан бірегей туынды. Алматыдағы «Вознесенск кафедралдык шіркеуі» де – айрықша тарихи нысан. Татулық пен достықтың символы саналатын осы екі ғимаратты «Бірлігіміз – әралуан-дықта» қағидатының іс жүзіндегі көрінісі деуге болады. Ұлы дала-ның әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылынамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпа өзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын. Құзырлы министрлікке осы мәселелерге қатысты жұмысты қолға алуды тапсырамын.

Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Өлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек. Өл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың есиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл – дұрыс емес. Сондықтан Өл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жинаындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен өзіміз үшін керек. Олардың мұралары – біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Еліміздің гуманитарлық институттары ұлы ойшылдарымыздың ілімін жүйелі түрде насихаттағанын жөн. Басты міндет – халқымыздың баға жетпес қазынасы – ұлттық мұрасын сақтап, ұрпаққа табыстау. Осы ретте кейбір құрылтай мүше-

лерінің философия, әлеуметтану, саясаттану сияқты ғылымдарды дамыту және қоғамдық-саяси ой-пікірлер көптомдығын әзірлеу туралы ұсынысын атап өтуге болады. Сондай-ақ олар ғылыми мекемелердің зерттеулері онлайн платформа арқылы бәріне бірдей қолжетімді болуы керек екенін айтты. Жұырда Астана мен Алматыда президенттік кітапхана-лардың құрылысы басталады. Меніңше, бұл нысандар тек кітаптар жиналған жер емес, қазақтың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін орталықтар болуы керек.

Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жолында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Мен осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен Құрылтай отырысында айттым. Көп сериалы фильмнің тұсаукесері беделді халықаралық платформаларда өтеді. Бұл туынды Алтын Орда брендин жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Бірақ, осындай тарихи тақырыпқа келгенде тартымды көрнекі, яғни визуалды бейне жасаудан бөлек, алдымен оның ішкі мазмұны, мән-мағынасы терең болуын ойластыру қажет. Сондықтан менің тапсырмаммен мамыр айында Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Іс-шараға әлемнің беделді ғалымдары шақырылады.

Отаншылдық дегеніміз – әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызыңды өтеуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тыын болмақ. Қазір қоғамда «Қазақстанның мемлекеттік Туын қайда және қашан қолданған жөн?» деген маңызды мәселе талқыланып жатыр. Бұл мәселе арнайы норма-лармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс. Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет

Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және іс-шараларда көк Туымыз жепбіреп тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт екенімізді көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады. Таза Қазақстан» – ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналды. Тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады. Бұл – ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстау деген сөз. Таза Қазақстан – әдемі ұран да, науқан да емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтеді, ал тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз өркениетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз. Шымкентте Нұрай есімді бой-жеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктірді. Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш қабылданды. Құдіктіңіз Нұрайды аңдып, маза бермей, қоқан-лоқы көрсеткіңіз анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды. Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексереді. Қыз алып қашу – адам ұрлау деген сөз, бұл – ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін ересек, жабайы қылмыс. Ондай қатігездікке ешқашан жол беруге болмайды. Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі өсіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Заң мен тәртіп – бәріне ортақ. Еліміздің әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс.

Кез-келген мемлекеттің күші – халықта. Азаматтарымыздың жасампаздық қуатының арқасын-да еліміз кез келген кедергі мен тосқауылға қарсы тұрып, орасан зор табысқа жетеріне кәміл сенеміз. Өздеріңіз білесіздер, мен түрлі жоспарлар құрып, стратегиялар жасауды құптай бермеймін. Себебі, бос қиялға беріліп, құрғақ уәде беруге түбегейлі қарсымын.

Болашаққа бағдар жасап, жоспар құрғанда өмірге шынайы көзқараспен қараған жөн деп санаймын.

Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция салатын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру – айрықша маңызды міндет. Бұл, әсіресе, ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты

кезеңінде халқымыздың бола-шағына тікелей әсерін тигізеді. Ең бастысы – бұл жоспарлар жұртты құр уәдемен жарылқайтын тұсаукесер рәсімдері мен форумдардың көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Біз пиар-акциялар мен көз алдайтын жалған ілгерілеуге емес, нақты жетістікке ұмтылуымыз қажет. Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сән қуып, ұрандату үшін жариялаған жоқпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл – стратегиялық міндет. Сондықтан мемлекет үшін айрықша маңызды осы міндетті орындауға қатысты талап та өте жоғары болмақ. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі нақты әрі көзге көрінетін көрсеткіштермен өлшенуге тиіс. Атап айтқанда, шешім қабылдау мерзімін қысқарта-уға, еңбек өнімділігін арттыруға және қызмет сапасын жақсартуға оң ықпал етуі керек.

Елдегі автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту – айрықша маңызды міндет. Бұл, біріншіден, Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы транзит дәлізі ретіндегі рөлін арттыра түседі. Екіншіден, облыстар арасындағы көлік байланысын барынша жақсарт-ады. Жақында Қызылорда – Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы – шамамен 400 шақырым. Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауылдық инфрақұрылымдық жобалар басталады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі – тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта төрт жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады. Қазіргі жолдың көбі облыстардың іші ішкі жолы болып қала береді. Сондай-ақ мен былтырғы Жол-дауымда «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысын тездетуді тапсырғанымды білесіздер. Ондағы жұмыстар да биыл басталмақ. Жоба жүзеге асқан соң «Орта дәліздің» қашықтығы 900 шақырымға қысқарады, яғни, Ақтау, Құрық порттарына тура жол ашы-лады. Қарағанды – Жезқазған бағытындағы жол талай жылдан бері тозып тұр. Биыл ескі жолдың қапталына екі жолақты жаңа жол салуға кірісеміз. Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолақ ету жоспарлануда. Бұдан бөлек, Сарыағаш маңындағы көлік қозғалысы да өте тығыз. Сондықтан, осы жылы «Сарыағаш айналма жолының» құрылысы қолға алына-ды. Барлық жұмыстың сапалы әрі уақыттығы орындалуын тікелей бақылауда ұстайтын боламын. Себебі, бұл жобалар Қазақстанның халықаралық көлік-логистика орталығы ретіндегі әлеуетін мейлінше нығайта түседі.

Қазақстан – жауапкершілігі жоғары «орта держава» және жер көлемі бойынша ислам әлемінде еңді аса ірі мемлекет. Біз баршаға түсінікті, яғни ақылға қонымды және әділ саясатты жқтаймыз, осы ұстанымды әрдайым сақтаймыз. Сыртқы саясаттағы іс-әрекетіміздің бәрі бір ғана мақсатты көздейді. Ең бастысы, Қазақстанның жерінің тұтастығын, қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз етуіміз керек. Қазақ мемлекетінің басшысы ретінде Мен үшін Тәуелсіздік – бәрінен қымбат! Бұл – мерейтой кезіндегі ұран емес, қазіргі дүрбеленге толы заманда ұлттық стратеги-ямыздың негізгі қағидасы. Ал «Тәуелсіздік дегеніміз – ең алдымен, жалпыұлттық бірлік пен келісім» екенін үнемі айтып жүр-мін. Біз ел бірлігін сақтап, өсіп-өркендеген, абырой-беделі жоғары әрі қуатты мемлекет құруды басты міндетіміз деп санауымыз қажет. Осы мақсатқа стратегиялық тұрғыдан қарап, парасатты, дана халық екенімізді көрсетуіміз керек.

Бұрын да айтқам, қазір де атап өткім келеді: біз тарихи жарақат алған» ұлт психологиясынан біржола арылуымыз керек. Басқа түскен қайғы-қасіреттің бәрін басқа халықтардан көру, ұлтымыздың маңдайына жазылған асы тағдыр туралы бітпейтін пікірталастар жүргізу – кешегі күнмен өмір сүру деген сөз. Бүкіл әлем өзгеріп жатыр, бізге де өзге-ретін уақыт келді. Біз -болашағы жарқын, жолы ашық жас мемлекетің, сондықтан уақыт көшінен қалмай, тек алға қарай жүруіміз керек.

Биыл Қазақстанның келешегіне тікелей ықпал ететін аса маңызды жыл болады. Мен мұны жақын-да «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда атап өттім. Еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Алдағы парламенттік реформа осы өзгерістердің өзегі болатыны анық. Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл аса

маңызды мәселе қоғамда кеңі-нен талқыланды. Мен былтыр 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобын құру ту-ралы өкімге қол қойдым. Оның құрамына белгілі заңгерлер, са-рапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Елдік іске бей-жай қара-майтын басқа да азаматтарымыздың бұл талқылауға қатысуы өте маңызды. Сондықтан e-Olinish платформасы мен Egov порта-лында «Парламенттік реформа» деген арнайы бөлім ашылды. Азаматтарымыз осы мәселеге қатысты өздерінің ой-пікірін біл-діріп, ұсыныстарын жолдады. Жұмыс тобы келіп түскен ұсы-ныстарды жинақтап, зерделеп, парламенттік реформаны барлық жағынан қарастырды, өте маңыз-ды жұмыс атқарды. Бұл бағыт-тағы шаруаның бәрін өзім тікелей бақылауда ұстадым. Былтыр қа-зан айының ортасында Жұмыс тобының алғашқы отырысын өт-кіздім. Желтоқсанның 2-сі және 29-ы күндері тағы екі жиын бол-ды. Жаңа жылдан бері Жұмыс тобының мүшелері 3 рет бас қос-ты. Соңғы отырыс күні кеше ғана Құрылтай қарсаңында өтті. Бір сөзбен, конституциялық реформа туралы қызу талқылаулар жарты жылға жуық уақыт бойы жүріп жа-тыр

Бір палаталы Парламентке көшу туралы бастамамы халық қолдап отыр десек, ешқандай қате бол-мас. Қоғамдық пікірді білу үшін тұрақты түрде жүргізілген сауал-намалар және жұмыс тобының қорытындысы да осы пайымға келіп тоғысады. Депутаттар мен партия фракцияларының жетек-шілері жақында аймақтарды ара-лап, сайлаушылармен кездесіп қайтты. Олар халықтың осы ба-стамадан хабардар екенін және реформаны қолдап отырғанын айтуда. Бұл жерде қандай да бір пікір қайшылығы жоқ. Жалпы бағыт-бағдарымыз – айқын. Алдағы өзгерістерге қатысты ортақ мәміле бар. Жұмыс тобы барлығын жан-жақты сараптап отырып, нақты пайымдары мен ұсыныстарын ортаға салды. Не-гізгі пікірталас «Жаңа Парламент қандай болады, неше депутаттан тұрады? Құрылымы қандай бола-ды және қалай жұмыс істейді?» деген сауалдар жөнінде өрбіді. Бұл терең зерделеп, жан-жақты сараптап, өлшеп, байыппен түп-кілікті шешім қабылдайтын аса маңызды, тіпті, шешуші мәселе болды дер едім. Қазір мен Ұлттық Құрылтайдың төрінен сіздерге Жұмыс тобында талқыланған не-гізгі ұсыныстарды таныстырғым келеді.

Ең алдымен, болашақ Парла-менттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтай-дың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарының жаңғы-рту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндама-ның басында Құрылтай жұмысы-ның тиімділігі мен пайдалына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институт-тың символы ретінде сақтап қа-луымыз керек деп ойлаймын. Ал, депутаттар санына келсек, бұл мәселе де қызу пікірталас туғыз-ды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды. Бірінші тарап еліміздегі халық санына қарай пропорционалды үкелдік идеясын ұсынды. Екінші тарап депутат санын 500-ге дейін арт-тыру қажет деді. Біздің негізгі мақ-сатымыз – шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құру. Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озық тәжірибелерге қара-сақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сон-дықтан мәселе – санда емес, са-пада! Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар – білік-ті мамандар отыруға тиіс! Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныста-рын мұқият зерделеп, қызу талқы-лады. Ақыр соңында Парламент-тің мандат саны 145 болуы керек деген байлама келді. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынба-сары болуы мүмкін. Ал, комитет саны 8-ден аспауы керек. Ұсыныстардың үшінші бөлігі жаңа Парламентті жасақтау тәртібі ту-ралы болды.

Депутаттар енді пропорционал-ды жүйе қағидатымен сайланады. Мұндай тәсіл саяси партиялар-дың институционалдық рөлін күшейтеді. Сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Кейбір партиялар Парламентпен қатар барлық деңгейдегі мәс-тіліктаттарды пропорционал-ды жүйемен жасақтауды ұсынғанын білемін. Бірақ аймақтарда ма-жоритарлық жүйені сақтап қалу керек деп ойлаймын. Еліміздің өңірлерінде жергілікті азаматтар-дың дауыстары, пікірлері жақсы естілуі қажет. Бұл – мен үшін ай-қын ұстаным. Талқылау кезінде маған Парламенттегі Президент квотасын қалдыру керек деген

ұсыныс айтылды. Бірақ мен жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығы-на, қадағалауына мұқтаж емес екеніне сенімдімін. Депутаттар-дың ішінде арнайы тағайын-далған «таңдаулы тұлғалар» бол-мауы керек. Олар бәріне бірдей, ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес Қазақстан халқы ас-самблеясының арнайы квотасы да алынып тасталады.

Осы ұстаныммен жастарға, әй-елдер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квотаны қоса алып тастауды ұсынғандар болды. Бірақ бұл – мүлде басқа мәселе. Бұл квота – әлеумет-тік әділдік қағидатының айқын көрінісі, сондай-ақ еліміздегі бар-лық қоғамдық-саяси өкілдерді ескеретін маңызды талап. Сол себепті, осы квоталарды өзгеріс-сіз сақтап қалуды ұсынамын. Бұған қоса, партиялардың Парламентке өту межесін қазіргі бес пайыздан жеті пайызға қайтару қажет деген пікір айтылды. Бұл ереже кезінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамасымен қабылданған болатын. Бес жыл бұрын енгізілген осындай өзгеріс-тер сайлау заңнамасын жақсар-туға едәуір септігін тигізді. Межені төмендету арқылы Парламентте-гі ірі саяси күштердің үстемдігін азайтып, партиялар арасындағы бәсекеңі күшейтуді мақсат тұтқан едік. Бүгінгі таңда осы норманың тиімділігіне көзіміз жетті. Ел та-рихында алғаш рет Мәжіліске алты партияның өтуі – соның ай-қын дәлелі. Сондықтан мен бес пайыздық межені қалдырған жөн деп санаймын.

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болды. Жаңа Парламентте де-путаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процеду-расы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жал-пы мақұлдайды. Одан кейін өз-герістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбе-гейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалға-стырамыз. Мемлекеттің инсти-туционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы. Білік ин-ституттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ. Түтпеп келгенде, біз бір қоғам болып қолға алған Парламенттік реформа еліміздің әлеуетін арттыратын болады. Со-нымен қатар әлеуметтік-экономи-калық өзгерістердің қарқынын кү-шейтіп, сапасын жақсарта түседі. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұған кәміл сенемін

Кәсіби заңгерлер Ата заңның мәтініне қатысты пікірлерін біл-дірді. Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшы-сын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс бар. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз мін-детін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төраға-сына беріледі. Сенат төраға-сының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөз-ге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Сондықтан, Мемлекет басшы-сы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам ха-лықаралық озық тәжірибеге сай келеді. Еліміздің кез келген бас-шысы билікке сайлау арқылы, яғни, заңды түрде келуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұста-ным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермей-тін қағида болуға тиіс! Сонымен қатар Конституциямыз-дың мәтінінде жекелеген қателер бары анықталды. Кезінде терми-нологиялық, стильдік кемшілік-терге жол берілген. Конститу-циялық реформа аясында осы олқылықты да түзеуіміз керек. Бұл жұмысқа заңгерлермен қат-тар, білікті тіл мамандары шақы-рылады. Тағы бір маңызды мәсе-ле. Біз Ата заңның преамбуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазуымыз керек. Онда қа-зақ жеріндегі өркениет пен мем-лекеттіліктің тарихы терең екені нақты көрініс табуға тиіс. Сол арқылы біз Қазақстанның Ұлы далаладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек. Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстан-ды ең жоғары мақсат ретінде көз-дейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек.

Біз Ата заңда еліміздің зайырлы мемлекет екенін әйгілейтін нор-маларды сақтап, күшейте түсуіміз қажет. Конституциямыз заман та-лабына сай болуы керек. ХХІ ға-сырда цифрландыру үдерісі өте жылдам жүріп жатыр, тұрақты және аса қарқынды сипатқа ие болды. Жоғары технология ада-мың күнделікті өміріне, құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсерін тигізсе бастады. Болашақта бұл үрдіс үздіксіз жалғаса бе-ретіні анық. Сондықтан еліміздегі цифрландыру үдерісінің инсти-туционалдық-құқықтық негізі Ата заңда міндетті түрде аталып өтуі қажет. Конституцияда азамат-тардың дербес цифрлық дерек-тері заңмен қорғалатыны нақты айтылуы керек деп санаймын. Мен әзірге келіп түскен ұсыны-стардың негізгі тұстарына тоқта-лып өттім. Осылайша, консти-туциялық реформаның жалпы сұлбасы шығып келеді. Жарты жыл бойы өткізілген пікірталастар мен талқылаулар кезінде алдағы реформаға қатысты басты ұста-нымдар айқындалды. Бұл ұста-нымдар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тиісті байланыс ар-налары арқылы халықтан келіп түскен идеялар мұқият саралан-ды. Ойға қонымды бастамалар барынша ескерілді. Халықтың қолдауына ие болса, Қазақста-ның мемлекеттік құрылысының жаңа кезеңі басталады.

2022 жылғы жүйелі өзгерістер-мен қатар алып қарағанда, ал-дымызда тұрған реформаларды жүзеге асыру 1995 жылы осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын бекітілген үлгіден мүлде жаңа конституциялық үлгіге көшу деген сөз. Осы бастамалар жалпыха-лықтық референдумда азаматта-рымыз тарапынан қолдау тапқан жағдайда Қазақстанның мемле-кеттілігі, еліміздің саяси жүйесі түбегейлі жаңғырып, өліміз жаңа тұрақтылық деңгейіне көтеріл-мек. Осылайша, біз бір ел, бір халық болып, қазіргі алмағайы заманның сын-қатерлеріне төтеп береміз, оларды еңсереміз.

Жалпы, бастапқыда Парламент-тік реформа аясында Ата заң-ның 40-қа жуық бабын өзгерту жоспарланған еді. Алайда жұмыс барысында түзетулер саны әл-деуіден көп екені белгілі болды. 2022 жылғы реформда Ата заң-ның 33 бабы жаңарғанын білесіз-дер. Ал, ендігі өзгерістер одан да ауқымды. Біз, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен па-ра-пар қадам жасағалы тұрмыз. Сондықтан мен Конституциялық комиссия құру туралы шешім қа-былдадым. Арнайы Жарлыққа ертең қол қоямын. Комиссия құрамына 100-ден астам азамат кіреді. Оның ішінде Ұлттық құрыл-тай мүшелері, белгілі заңгерлер, ақпарат құралдары басшылары, аймақтық мәслихат төрағалары мен қоғамдық кеңес өкілдері және басқа да білікті мамандар бола-ды. Бұл жұмысқа Конституциялық соттың төрағасы жетекшілік етеді. Комиссия барлық ұсынысты са-раптап, қорытып, нақты өзгеріс-тердің жобасын әзірлейді. Содан соң жалпыхалықтық референдум өтетін уақытты белгілейміз

Өлгендегі ахуал тым шиеленісіп тұрғанына қарамастан, біз еліміз-де күрделі әрі түбегейлі өзгеріс-терді жүзеге асырдық. 2022 жылғы конституциялық рефор-маға, одан кейін Атом электр станциясын салуға қатысты ре-ферендум кезінде халқымыздың басым көпшілігі мені қолдады. Мен әрбір шешімді елге қажет-ті тұрғысынан мұқият саралай отырып қабылдаймын. Азамат-тардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты жұмыспен ай-налысу мен үшін бәрінен маңыз-ды. Халықтың қамы, ұлттың, мем-лекеттің мүддесі – мен үшін баға жетпес құндылық. Алдағы уақыт-та да елімізді дамытып, Тәуел-сіздігімізді нығайта түсу жолында бар күш-жігерімді салып еңбек ете беремін. Осы орайда, стра-тегиялық бағдарымды үнемі қолдап келе жатқан барша халыққа және осы залда отырған еліміздің лай-ықты азаматтарына шын жүрек-пен ризашылымыды

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ӘМІРБАЕВА СВЕТА БАҚТИЯРҚЫЗЫНЫҢ



Света Әмірбаева Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылында 1969 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келген. Ұлты – қазақ, Тұрмыста. Төрт баланың анасы. 1987 жылы Ойыл кәсіптік-техникалық училищесін үздік бітіріп, кейін Алматы құрылыс техникумында оқып, «Үйлерді техникалық пайдалану» мамандығын меңгерген. Еңбек жолы да осы құрылыс және инженерлік инфрақұрылым саласында басталды. 1990-2020 жылдар аралығында АМПК-1, «Жылжымайтын мүлік орталығы» РМК, «Газстройкомплект» ЖШС-і, «КазТрансГазАймақ» АҚ-ы, «АктобеПолимергазСтрой» ЖШС-і мекемелерінде маман, жобалаушы лауазымдарында қызмет атқарды. Ал 2009 жылдан бастап өзінің жеке кәсіпкерлігінің негізін қалап, кәсіпкерлік саласында табысты жұмыс істеп келеді. 2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін «ГрандБизнесСтрой КЗ» ЖШС-нің директоры лауазымын атқарады. Кәсіби қызметімен қатар, қоғамдық істерге де белсене араласады. Атап айтқанда, елдегі төтенше жағдайлар кезінде халыққа қолдау көрсету бағытында 2020 жылы пандемия кезінде Ақтөбе облысының ауылдарына дәрі-дәрмек жеткізуге көмектесіп, Алғыс хатпен марапатталды. Ал, 2024 жылы Ойыл ауданындағы су тасқыны кезінде халыққа қолдау көрсету ісіне белсене араласты. Атап айтқанда, Өлмерек баба ұрпақтарынан қырылған 5 қоғамдық қормен бірлесе отырып, зардап шеккен еңірлерге көмек жөнепту жұмыстарын атқарып, халықпен бірге болды. Осы орайда, ел басына күн туған қиын сәттерде қоғамдық жұмыстарға қосқан үлесі үшін «Өлмерек Абыз» мәдени-тарихи қорының естелік медалімен марапатталды.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Қайыңдылар!

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуын жүзеге асыруды, ауылға қоғамдық-саяси тұрақтылықты, заңдылықты және құқықты тәртіпті қамтамасыз етуді өз жауапкершілігіме ала отырып, округ құзыретіне кіретін барлық жұмыстарды кәсіби деңгейде басқаруға өзімнің 30 жылдан астам жинақтаған іс-тәжірибем мен білімді толық жұмсаймын.

Қайыңды ауылдық округінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, газ құрылыс саласының маманы ретінде ауылды «Көгілдір отынмен» толық қамтамасыз етуді және жол инфрақұрылымын кезек-кезеңімен жаңғыртуды басты назарда ұстаймын. 2024 жылғы су тасқынынан сабақ ала отырып, күлпіті аймақтарды бейіту мен бөгеттер салу жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізіп, медициналық пункттерді маман тапшылығы жоюға және ауылды абаттандыру, жарықтандыру, ауылдың мәдениі келбетін жақсарту мақсатында қолданыстағы саябақтар мен ойын алаңдарын модернизациялау бағдарламасын іске асырамын. Ескірген нысандарды жаңартып қана қоймай, оларды заманауи дизайнмен, ыңғайлы орындармен және жасыл желекпен толықтарамын. Сонымен қатар, Ойылдың брендін - тары өнімін әлемге таныту арқылы ауыл шаруашылығын дәртілетіп, кәсіпкерлерге субсидия мен әлеуметтік көмек алуға жағдай жасай отырып, жастарды жұмыспен қамту мәселелерін кеуіңді түрде шешуге уәде беремін.

1.Қазақстан Республикасының заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асыру үшін қызмет жасаймын.

2.Тұрғындармен ашық диалог орнату - менің жұмысымының негізі. Халықтың мұң-мұқтажын әрдайым басты назарда ұстай отырып, округтегі ең өзекті мәселе - ауылды көгілдір отынмен қамтамасыз ету ісін жұмысымының басты өзегі ретінде белгілеймін. Осы саланың кәсіби маманы ретінде, газ құрылысы бағытындағы ауқымды жұмыстардың сапалы әрі жүйелі түрде жалғасын табуын және әрбір үйге табиғи газдың жетуін толықтай өз бақылауыма аламын.

3.Мен- газ саласының маманымын, сондықтан, әкім ретінде мен тек жалпы газ жүргізумен шектелмеймін. Әрбір шаңыраққа көгілдір отынның кедергісіз жетуі үшін: үйлердің техникалық тәлқұқаттарын (тех. паспорт) заңдастыруға; техникалық шарттар (тех.условие) алуға; жобалау-сметалық құжаттарды дайындау мен тиісті мекемелерден қабылдау актілерін өткізуге кәсіби деңгейде жетекшілік етемін. Сонымен қатар, техникалық жетекшілік тек құбыр жүргізу емес, монтаждау жұмыстарының сапасын, қабылдау актілерінің дұрыстығын кәсіби маман ретінде қадағалаймын.

4.Көлік қатынасы мен жол сапасы - басты назарда. Қайыңды ауылын орталықпен байланыстыратын ауыларалық жолдардың сапасын жақсартуды және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басты назарға аламын. Осы бағыттағы инфрақұрылымды реттей отырып, ауыларалық тұрақты автобус қатынасын ұйымдастыру жұмыстарын тікелей қолға алып, халықтың еркін жүріп-тұруына жағдай жасаймын.

5.Мектепке дейінгі тәрбие: Жаңа балабақша құрылысы. Қайыңды округінде заманауи балабақша салу жобасын іске асыруды және бүлдіршіндерімізге лайықты жағдай жасауды тікелей қадағалап, нәтижеге жеткіземін.

6.Сапалы медицина - халық саулығының кепілі. Ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтау мақсатында медициналық пункттердің материалдық-техникалық базасын нығайтуды және заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді жедел қолға аламын. Медицина мамандарының тапшылығын жою үшін жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету және лайықты еңбек жағдайын жасау арқылы кадр мәселесін жүйелі түрде шешуді басты назарымда ұстаймын.

7.Кәсіпкерлікті қолдау және Ойыл тарысын брендке айналдыру. Ауыл экономикасын жандандыру үшін кәсіпкерлерге жол ашып, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалануды басты бағыт етемін. «Ауыл аманаты» және «Кен дала-2» бағдарламалары аясында шағын және орта бизнес өкілдеріне жеңілдітелген несие мен субсидия алу жолдарын қарастырып, бұл бағытта арнайы мамандардың көмегін ұйымдастыруды және толық қолдау көрсетуді қамтамасыз етемін. Ойылдың басты бренді — тары өнімін қайта өңдеу мен саудалау көлемін арттырып, жергілікті өнімді халықаралық деңгейге таныту арқылы ауылдың әлеуетін көтеруді басты мақсатым деп белгілеймін.

8.Әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту. Ауылдағы жұмыссыздық мәселесін шешу, әсіресе жастарды еңбекке тарту және маман тапшылығын жою — менің басты жоспарым. Бұл бағытта әрбір отбасының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, мемлекеттік көмектердің әділ берілуін қадағалаймын. Сонымен қатар, жас мамандардың ауылда тұрақтап қалуына қажетті жағдайлар жасап, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың тұрмыс сапасын арттыруды негізгі міндетім деп санаймын.

9.Цифрлық медицина — қолжетімді көмек. Бүгін бз цифрлық шешімдерге негізделген заманауи денсаулық сақтау моделін қалыптастыру жолында маңызды қадам жасап отырмыз. Ауыл тұрғындарына арналған «Онлайн медицина» жобасын іске асыруды басты бағыттардың бірі ретінде ұсынамын. Бұл жоба — ауыл халқының алдысқа шықпай-ақ, өз үйінде отырып білікті мамандардан уақтылы кеңес алуына және жоғары деңгейлі медициналық көмекке қол жеткізуіне мүмкіндік беретін таптырмай құрал. Ал, маман тапшылығын ескерсек, онлайн медицина (телемедицина) — халық үшін өте пайдалы шешім. Озық технологияларды пайдалану арқылы ауылдағы денсаулық сақтау сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат етемін.

10.Демалыс аймақтарын жаңғырту және балалар қауіпсіздігі. Ауылда бар демалыс орындары мен ойын алаңдарын заман талабына сай толық жаңғыртуды (реновация) қолға аламын. Менің мақсатым — ескірген алаңайқаларды жаңа технологиялық үлгідегі, балалар үшін барынша қауіпсіз, жұмсақ жабыңдысы бар заманауи нысандарға айналдыру. Саябақтар мен көверлердің инфрақұрылымын жаңартып, жарықтандыру мен абаттандыру жұмыстарын жүргізу арқылы оларды тұрғындардың мәдени демалысына қолайлы етемін. Бұл тек әдемілік емес, ең алдымен — балаларымыздың қауіпсіздігі мен саулауатты болашағы үшін жасалатын қадам.

11.Көгалдандыру және абаттандыру — ауыл ажары. Жоспарымды қорытындылай келе, ауылдың экологиялық жағдайы мен сыртқы келбетін жақсартуды басты назарға аламын. «Таза өлке — жайлы мекен» қағидатымен ауыл ішін көгалдандыру, ағаш егу және көшелерді жарықтандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргіземін. Әрбір көшенің тазалығы мен реттілігі қамтамасыз етіп, Қайыңды округін үлгілі, жасыл желекті, әрі өмір сүруге қолайлы мекенге айналыдыру үшін аянбай еңбек етемін.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ҒАЛЫЖАНОВ ДАРХАН ҒАЛЫМЖАНҰЛЫНЫҢ



ӘМІРБАЯНЫ

Ғалымжанов Дархан Ғалымжанұлы 1978 жылы 15 наурызда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді.

1996-1998 жылдары ҚР Қарулы Күштері қатарында Отан алдындағы әскери борышын өтеді.

2002-2007 жылдары «Қайнар» университетінде оқып, «Заңгер» мамандығы бойынша жоғары білім алды.

1998-2000 жылдары Ойыл ауданы Сарбие ауылында «Иманғали» шаруа қожалығында жұмысшы болды.

2000-2024 жылдары аралығында Ақтөбе облысының полиция департаменті Ойыл ауданының полиция бөлімінің қызметкері болып жұмыс жасады.

2024-2025 жылдары Ойыл ауданы әкімі аппаратының

мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас маманы (Заңгер) болып жұмыс жасады.

2025 жылдың 25 ақпанынан бастап Ойыл ауданы әкімі аппаратының төтенше жағдайлар, жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Қайыңды ауылдық округі әкіміне үміткер болудағы басты мақсатым - Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген салалық іс-шаралар жоспарының орындалуын жүзеге асыру бағытында қызмет жасаймын.

- Ауылымыздағы шағын және орта бизнесті дамытуды қолдай отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін цехтар ашып, ауылшаруашылық техникаларын жаңартуға атсалысамын;

- Елді мекендердегі жайылымдық жерлердің мәселелерін шешуге жұмыстанамын;

- Елді мекендердің жол қатынас жүйелерін тұрақты үздіксіз жұмыс істеуіне көңіл бөлемін;

- Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсартуға атсалысамын.

-Салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спорттың дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округтің елді мекендерінде спорттық нысандарының салынуына ықпал етемін;

Жастарды ауылдық жерлерге тұрақтандыру мақсатында ауыл елді мекендерде тұрғын үйлер салынуына ықпал етіп, жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржылай қолдау көрсету шараларын ұлғайтылуына жұмыстанамын!

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР БИСЕБАЕВ ДАУРЕН ҚАРЖАУҰЛЫНЫҢ



ӘМІРБАЯНЫ

Бисебаев Даурен Қаржауұлы 1976 жылдың 5 мамырында Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылында дүниеге келді. 1983 жылы Қарасой орта мектебіне қабылданып, 1993 жылы аталған мектепті аяқтады.

1994-1997 жылдар аралығында Ақтөбе политехникалық колледжінде «Өндірістік оқу шебері, техник-механик» мамандығы бойынша арнаулы орта білім алды. Еңбек жолын 2001 жылы Ойыл кәсіптік лицейінде комендант, өндірістік оқу шебері, директордың өндірістік оқу жөніндегі орынбасары болып бастады. 2005-2016 жылдар аралығында Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

2010-2012 жылдары С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие» мамандығы бойынша жоғары білім алды. 2016-2019 жылдар аралығында Ойыл ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарды.

2019-2020 жылдары «Ақтөбе жолаушылар автокөлігі» ЖШС-де бөлім бастығы болып қызмет жасады. 2018-2020 жылдары «Қайнар» академиясында «Экономика» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алды.

2020-2024 жылдар аралығында Сарбие ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарды. 2024 жылдан бастап Ойыл аудандық «Мансап» орталығының директоры қызметін атқарып келеді.

Жолдасы Ембергенова Гүлсамал Елеусізқызы Ақтөбе облыстық қазынашылық департаментінде бас қазынашы болып қызмет атқарады. Отбасында 7 бала тәрбиелеуде.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРғындары!

Мен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ауылдық округ әкімінің құзыретіне кіретін барлық міндеттерді адал әрі жауапкершілікпен атқаруға дайынмын. Сенім артқан ауылымының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, ел ішіндегі тұрақтылықты нығайтуға, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға бар білімім мен тәжірибемді жұмсаймын.

Егер сіздер мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда төмендегі нақты жұмыстарды жүзеге асыруды мақсат етемін.

МЕНІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІМ:

1.Қайыңды ауылдық округін газдандыру мәселесін көтеріп, Ақжар мен Көсембай ауылдарын көгілдір отынмен қамту жұмыстарын жеделдету үшін қажетті құжаттарды дайындауға және тиісті мекемелермен бірлесіп жұмыс істеуге;

2.Ел іргесінің сақталып, ауылда халықтың тұрақтап қалуы үшін аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, ауылға қызмет етуге келген жас мамандарға тұрғын үй мәселесін шешу жолдарын қарастыруға;

3.Аудандық маңыздағы Қайыңды ауылына кіреберіс автомобиль жолының проблемалық учаскелерін қалпына келтіру және ауыл көшелерін асфальттау жұмыстарын жалғастыруға;

4.Халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстап, олардың оңтайлы шешілуіне ықпал етуге;

5.Көп балалы, аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдауды басты назарда ұстап, нақты көмектер көрсетуге;

6.Ауылдың санитарлық тазалығын қамтамасыз етіп, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуге;

7.Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет салаларының тұрақты жұмыс істеуіне қолдау көрсетіп, бірлескен іс-шараларды кеңінен ұйымдастыруға;

8.Ауыл шаруашылығын дамытуға, мал азығын молайтуға, суармалы егіншілік көлемін арттыруға күш салуға;

9.Салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің уақтылы әрі толық түсуін үйлестіру жұмыстарын жүргізуге ЖҰМЫСТАНАТЫН БОЛАМЫН.

ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕР МЕН БАСТАМАЛАР:

Ауылдық округ бюджетінің шектеулі екенін жақсы түсінемін. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін тарту арқылы:

- Шағын спорт алаңдары мен балалар ойын алаңдарын көбейтуге;

- Тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануы мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуге үшін саябақтарды жаңғыртуға немесе жаңадан салуға;

- Жергілікті кәсіпкерлер және шаруашылық иелерімен тығыз байланыс орнатып, ауылдың әлеуметтік мәселелерін бірлесе шешу тәжірибесін қалыптастыруға **БАР КҮШІМДІ САЛАМЫН.**

ЖОСПАРДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАР:

-«Жер аманаты» жобасы аясында пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жалғастырып, ауыл тұрғындарының мал басының өсуіне байланысты елді мекен маңындағы жайылымдық жерлерді ұлғайтуға;

-«Ауыл аманаты» жобасы арқылы шағын және орта бизнесті дамытуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етуге. **ТҰРғындардың ұсыныс-пікірлері мен өтініштерін ескере отырып, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДА ЖҰМЫС ЖЕТКІЗУГЕ КҮШ САЛАМЫН.**

Мен «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, Жол картасында көрсетілген ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инфрақұрылымдық әлеуетін арттыру бағыттарын басты бағдарым етемін.

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛІСТЕРІ

Мен осы айтылған уәделерді орындау, ауылымыңз өсіп- өркендеугі, ел игілігі үшін

АМАНАТ ЖҮГІН АРҚАЛАП,

үлкен жауапкершілікпен сайлауға түсемін.

Сайлауға келіңіздер!

Маған сенім білдіріп, дауыс беріңіздер!

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2026

ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ТӨРЕМҰРАТОВ МАУЛЕН ОРАЛҰЛЫНЫҢ



ӘМІРБАЯНЫ

Төрeмұратов Маулен Орaлұлы 1986 жылдың 1 маусымында Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кемер ауылында дүниеге келді. 1992 жылы Ө.Дербісалин атындағы қазақ орта мектебіне қабылданып, 2003 жылы аталған мектепті аяқтады. 2003-2007 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика институтында «Қаржыгер» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Еңбек жолын 2007 жылы Ойыл аудандық почта байланысы торабында оператор болып бастады.

2008 – 2009 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқарды. 2009 – 2012 жылдары Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман болып қызмет атқарды.

2012 – 2020 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман болып қызмет атқардым. 2020 жылдың 1 маусымынан 1 желтоқсан аралығында Ойыл ауданы әкімі аппаратында бөлім басшысы болып қызмет атқарды.

2020 – 2021 жылдары Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

2021 жылдан бастап Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Осылайша, Сіздердің қолдауларыңызға ие болып, ауылдық округті басқаруға қолым жетсе, округті жан-жақты дамытуға қызмет жасауды азаматтық борышым деп санай отырып, Сіздермен бірлесіп атқаратын өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

Ауылдық округте шағын кәсіпкерлікті, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырамын;

Ауылшаруашылығы саласында өнімдерді өңдеу саласын басым бағытта ұстаймын;

Суармалы егіс көлемін ұлғайтылуына ықпал етемін;

Жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылығын дамытуына көмек беремін;

Электр қуаты мен ауыз сумен қамту мәселелерінің уақтылы шешілуін бақылауға аламын;

Елді мекендерде көшелерді асфальттау жұмыстарын жалғастыра отырып, елді мекендер арасындағы автокөлік жолдарын жөндеу мәселелерінің шешілуі бойынша жұмыс жүргіземін;

Жастардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды ұйымдастырып, өткізуге қолдау көрсетемін;

Тұрғындардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін үнемі назарда ұстау және олардың оң шешілуіне жұмыс жасаймын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 71 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жө
--	---	---

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

ОйылаудандықмәслихатыҚазақстанРеспубликасының«ҚазақстанРеспубликасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 16 қаңтарынан бастап 31 қаңтарына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзіңді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 31 қаңтарға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты. Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 391 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 407 учаскелік сайлау комиссиясы	1

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссии.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 16 января по 31 января 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 31 января 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородный телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Наименование участковой избирательной комиссии	Число вакантных мест
Участковая избирательная комиссия № 391	1
Участковая избирательная комиссия № 405	1
Участковая избирательная комиссия № 407	1

БАЛАДЫҚ ЖАҢА ТУҒАН НӘРЕСТЕ МЕН 6 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛА АУДИОЛОГИЯЛЫҚ (СКРИНИНГТІҢ) ӨТЕДІ



«Есту патологиясы баланың сөйлеу мен тіл дамуының кешігуіне, әлеуметтік, эмоционалдық және коммуникациялық дағдылардың қалыптасуының бұзылуына, когнитивті дамудың кешігуіне және төмендеуіне әкеледі.

Есту патологиясының теріс әсерінің ауырлығы есту қабілетінің бұзылуының түрі мен дәрежесіне, есту қабілеті жоғалуының басталу жасына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Есту қабілеті нашар балаларды есту ортасына біріктірудің сәттілігі көбінесе есту қабілетінің жоғалуы қанша-

лықты ерте анықталғанына байланысты. Егер түзетілмеген есту қабілетінің жоғалуы тілді меңгерудің маңызды кезеңінде орын алса, онда балалар қабылдау және экспрессивті сөйлеудің терең бұзылуын, өрескел даму кешігулерін бастан өткеруі мүмкін. Есту қабілетінің бұзылуын дер кезінде диагностикалау және көмек көрсету бағдарламасын бастау есту қабілетінің жоғалуының жағымсыз салдарын барынша азайтудың қажетті шарты болып саналады. Есту қабілетінің жоғалуы ата-ана мен мамандардың назарын

аудармастан, бірте-бірте орын алуы да мүмкін. Сондықтан бұл фактор неонатальды кезеңнен бастап балаларды жаппай тексеру қажеттілігін айқындайды. Жаңа туған нәрестеге арналған аудиологиялық скринингтің бірінші кезеңі дүниеге келген нәресте өмірінің алғашқы 24-72 сағатында жүзеге асырылады. Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңі емхананың балаларды дамыту кабинетінде 3 ай, 1 жас, 2 жас, 3 жас, 6 жаста жүргізіледі. Емхана қызметкерлері тіркелген тұрғындарға аудиологиялық скрининг қажет екенін үнемі хабарлайды. Зерттеу кезінде жедел респираторлық және жұқпалы аурудың болмауы міндетті шарт болып табылады. Есту қабілетінің бұзылуы анықталған жағдайда баланы одан әрі тереңдетілген тексеруге сурдологиялық кабинетке, тереңдетілген педагогикалық тексеруден өтуге және түзету әрі дамыта оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жібереді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ҚАҢЫПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАҢЫЗ
ПАРА ҰСЫНБАҢЫЗДАР

ПАРА БЕРУ
ҚР ҚК 367 – БАБЫ (13 жасқа дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру)

ДАЧА ВЗЯТКИ
СТАТЬЯ – 367 УК РК (до 15 лет лишения свободы)

СОБЛЮДАЙТЕ ЗАКОН
НЕ ПРЕДЛАГАЙТЕ ВЗЯТКИ

ДАЧА ВЗЯТКИ / ПАРА БЕРУ
СТАТЬЯ 367 БАП
УК РК / ҚР ҚК

ДАЧА ВЗЯТКИ ЛИЦУ, УПОЛНОМОЧЕННОМУ НА ВЫПОЛНЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ФУНКЦИЙ, ЛИБО ПРИРАВНЕННОМУ К НЕМУ ЛИЦУ, ИЛИ ЛИЦУ, ЗАНИМАЮЩЕМУ ОТВЕТСТВЕННУЮ ГОСУДАРСТВЕННУЮ ДОЛЖНОСТЬ, ЛИБО ДОЛЖНОСТНОМУ ЛИЦУ, А РАВНО ДОЛЖНОСТНОМУ ЛИЦУ ИНОСТРАННОГО ГОСУДАРСТВА ИЛИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ЛИЧНО ИЛИ ЧЕРЕЗ ПОСРЕДНИКА – НАКАЗЫВАЕТСЯ ШТРАФОМ В РАЗМЕРЕ ОТ ДВАДЦАТИКРАТНОЙ ДО ТРИДЦАТИКРАТНОЙ СУММЫ ВЗЯТКИ ЛИБО ЛИШЕНИЕМ СВОБОДЫ НА СРОК ДО ПЯТИ ЛЕТ, С КОНФИСКАЦИЕЙ ИМУЩЕСТВА, С ПОЖИЗНЕННЫМ ЛИШЕНИЕМ ПРАВА ЗАНИМАТЬ ОПРЕДЕЛЕННЫЕ ДОЛЖНОСТИ ИЛИ ЗАНИМАТЬСЯ ОПРЕДЕЛЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ.

ЧАСТЬ ЧЕТВЕРТАЯ ДАННОЙ СТАТЬИ ПРЕДУСМАТРИВАЕТ ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ ДО ПЯТНАДЦАТИ ЛЕТ.

МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҮКІПЕТТІК БЕРІЛГЕН АДАМҒА НЕ ОҒАН ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМҒА НЕМЕСЕ ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ АТҚАРАТЫН АДАМҒА НЕ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМҒА, СОЛ СИЯҚТЫ ШЕТ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕМЕСЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМЫНА ЖЕКЕ ӨЗІНЕ НЕМЕСЕ ДЕРДІАЛ АРҚЫЛЫ ПАРА БЕРУ –

МУЛКІ ТӨРКІЛЕНІП, БЕЛГІЛІ БІР ЛАУАЗЫМДАРДЫ АТҚАРУ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЗМЕТТІҢ АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫНАН ӨМІР БОЙЫНА АЙЫҒА ОТЫРЫП, ПАРАНЫҢ ЖИЫРМА ЕСЕЛЕНТІНЕН ОТЫҒ ЕСЕЛЕНТЕНЕ ДЕЙІНГІ СОМАСЫ МӨЛШЕРІНДЕ АЙЫПТІЛ САЛУҒА НЕ БЕС ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРҒА ЖАЗАЛАНАДЫ.

ТӨРТІНШІ ТАРМАҒЫ БОЙЫНША ОН БЕС ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.

ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ НЕЗАКОННОГО МАТЕРИАЛЬНОГО ВОЗНАГРАЖДЕНИЯ ФИЗИЧЕСКИМИ ЛИЦАМИ / ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ МАТЕРИАЛДЫҚ СЫЙАҚЫ БЕРУІ
СТАТЬЯ 678 БАП
КОАП РК / ҚР ӘҚБТК

ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ФИЗИЧЕСКИМИ ЛИЦАМИ ЛИЦАМ, УПОЛНОМОЧЕННЫМ НА ВЫПОЛНЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ФУНКЦИЙ, ИЛИ ЛИЦАМ, ПРИРАВНЕННЫМ К НИМ, НЕЗАКОННОГО МАТЕРИАЛЬНОГО ВОЗНАГРАЖДЕНИЯ, ПОДАРОКОВ, ЛЬГОТ ЛИБО УСЛУГ, ЕСЛИ ЭТИ ДЕЙСТВИЯ НЕ СОДЕРЖАТ ПРИЗНАКОВ УГОЛОВНО НАКАЗУЕМОГО ДЕЯНИЯ.

– ВЛЮЧЕТ ШТРАФ В РАЗМЕРЕ ДВУХСОТ МЕСЯЧНЫХ РАСЧЕТНЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҮКІПЕТТІК БЕРІЛГЕН ТҮЛҒАЛАРҒА НЕМЕСЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ТҮЛҒАЛАРҒА ЗАҢСЫЗ МАТЕРИАЛДЫҚ СЫЙАҚЫ, СЫЙЛЫҚТАР, ЖЕНДІКТЕР БЕРУІ НЕ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУІ, ЕГЕР БҮЛ ӨРЕКЕТТЕРДЕ ҚЫЛЫМСТЫҚ ЖАЗАЛАНАТЫН ІС-ӨРЕКЕТ БЕЛГІЛЕРІ БОЛМАСА, – ЕКІ ЖҰЗ АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ МӨЛШЕРІНДЕ АЙЫПТІЛ САЛУҒА, ӘКЕП СОҒАДЫ.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданының құрметті азаматы
Еңбек және соғыс ардагері
Хамит Сисенғалиұлы
(25.1.1926 ж – 07.01.2008 ж)



Менің әкем Хамит Сисенғалиев тірі болғанда 100 жасқа толар еді. Жан әкем жастайынан жетім қалып, туған ағасынан соғыста айырылып, өзі де 1944 жылы соғысқа алынып, Ұлы Отан соғысын Берлинде жеңіспен қарсы алды. Елге оралған соң, еңбекке араласып, іні-қарындастарына қамқор болып, әрқайсысын өз шаңырағынан үй қылып шығарды. Шешеміз Қанзиямен шаңырақ көтеріп, кеңес үкіметі кезінде Ойыл шаруашылығында, басшы орындарында қызмет етіп, абыройлы еңбегінің арқасында, зейнеткерлікке шықты. Елге сыйлы болып, жеңістің 60 жылдығына арналған шеруге, Астанаға шақырылып қатысты. Асыл әке-шешеміз ұлын-ұяға, қызын-қияға қондырды. 1996 жылы алтын тойларын тойладық. Шешемізбен 60 жыл отасып, шешеміз 2006 жылы дүниеден өтті. Бұл әкемізге үлкен соққы болды. Әр уақытта көңілді жүретін әкеміз жабырқап, жалғыз қалды. Арада 2 жыл өткенде 2008 жылдың 7-ші қаңтары бізге үлкен қасірет әкелді. Мәңгі өлместей көрінген әкеміз бұл дүниеден озды. Өзгені білмеймін өзім үшін, жасым 50-ге келіп қалса да, мен үшін асқар тауым құлап, дүние астан-кестен болып, жалғыз қалғандай болдым. Осы күнге дейін асқар тауым, әкешім барда, мен ешбір қиыншылықты, ешбір ауыртпашылықты көрмегенмін. Бірақ, уақыт емші деген, ағайын-тума маған сеніп, қасиетті де қадірлі қара шаңырақтың иесі сенсің деген соң, осы әкем мен шешем құрған қара шаңырақты, өз әлім келгенше бірлікте ұстауға, ешкімді ренжітпеуге, жаманат келтірмеуге тырыстым. Міне бүгінде әкем мен шешем құрған қара шаңырақта, мен, қыз ұзатып, ұл үйлендіріп, құдандалы-жегіжаты болып, ортамыз көбейіп, жапырақтарыңызды жайып жатырмын. Осы анашымнан айырылған 20 жыл, өкемнен айырылған 18 жылда бауырларында болған Есетжан үш немере сүйгізіп отыр. Әрбір көрген менің қуанышым 64-ке келсем де сіздердің арқаларыңызда. Осы сіздер құрған қара шаңырақта, әрбір менің қуанышымда достарым, жолдастарым, бауырларым, құда-жегіжатым жанымынан табылуда. Бұл да болса өріне сіздердің жетістіктеріңіз, сіздердің тәрбиелеріңіз. Бүгінде жан әке-шеше, әрбір немерелерімді иіскеген, сүйген сайын бойларынан сіздерге деген сағынышты іздегендеймін.

Жандарың Жөннетта болсын Әке, Ана! Біз сіздерді сағындық!
Сағынышпен еске алушылар: балаларың, немерелерің, шөберелерің, Сисенғали әулеті.